

Халықаралық Қайта құру және Даму Банкінің N 3867-KZ заемының қаражатына жүзеге асырылатын "Қаржылық сектор мен кәсіпорындар секторын дамыту" бағдарламасын іске асыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 1 наурыз N 335

Халықаралық Қайта құру және Даму Банкінің кәсіпорын секторында реформалар жүргізуге, банктік қызмет көрсетулердің сапасын жақсартуға, Қазақстан Республикасы қаржы жүйесінің заңдылық негіздері мен ұйымдастырушылық мүмкіндіктерін нығайтуға бағытталған N 3867-KZ заемының қаражатын тиімді іске асыру мақсатында, сондай-ақ Халықаралық Қайта құру және Даму Банкі мақұлдаған заемның қаражатын қайта бөлуді ескере отырып Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қосымшаға сәйкес заемның қаражатын бөлу бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі заем туралы келісімде көзделген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің компоненттері бойынша барлық іс-шарларды дербес жүзеге асырады деп белгіленсін.

3. Заем туралы келісімге сәйкес заемның қаражатынан қаржыландырылатын берілетін тауарлар мен көрсетілетін қызметтер қосылған құнға салық пен кедендік төлемдерден босатылады деп белгіленсін.

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен бірге жаңадан бөлуге сәйкес Кіші заем туралы келісімге қайта қол қойсын;

заемды іске асыруды үйлестіруді және Халықаралық Қайта құру және Даму Банкінің тәртібіне сәйкес тауарлар мен қызмет көрсетулерді жүргізуді бақылауды жүзеге асырсын.

5. Заемның қаражатын алушылар:

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне заемның қаражатын одан әрі пайдалану туралы ұсыныс енгізсін;

бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуына жауапты болсын және

заемның қаражатына алынған тауарлар мен қызмет көрсетулердің есебін жүргізсін;

консультанттардан есеп алсын және жүргізілген жұмыстың тиімділігінің бағасын көрсететін ілеспе хатпен бірге Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне жолдасын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Е.Ә. Өтембаевқа жүктелсін.

7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2000 жылғы 1 наурыздағы
N 335 қаулысына қосымша

Заемның қаражатын пайдалану бағыттары бойынша қаржы секторы мен
кәсіпорындар секторын дамытуға арналған бөлу

Компоненттің атауы	Мақсаттары	Алушы долларындағы құны	АҚШ
-----------------------	------------	-------------------------------	-----

Кәсіпорындардың басшыларына ар. налған оқу бағ. дарламасы	Кәсіпорындар басшыларының менеджмент, қаржы, марке. тинг және басқа салалар дағы мүмкіндіктерін нығайту	Қазақстан Республика. Экономика министрлігі	1 567 970
--	---	---	-----------

Кәсіпорындарды қайта ұйымдас. тыру мәселелері жөніндегі кон. сультациялық топ	Кәсіпорындарды қайта құ. руда, жекешелендіруде және таратуда консульта. циялық көмек көрсету. Өнеркәсіп секторында қайта құрылымдау және тарату рәсімін жетілдіру. Өнеркәсіп секторында қаржы тәртібін жетіл. діру және салықтық ақ. параттандыруды дамыту.	Қазақстан Республика. Мемлекеттік кіріс министрлігі	1 450 000
--	---	---	-----------

Медетші траст дарды басқару, қайта ұйымдастыру және тарату саласына жәрдемдесу	Берешегі бар кәсіпорын. сының Медетші банкі	Қазақстан Республика.	2 300 000
---	--	-----------------------	-----------

Жекешелендіруді Жекешелендіру бағдар. Қазақстан Республика. 1 100 000
жүргізуге ламаларын іске асыруға сы Қаржы министрлігі.
көмектесу ықпал ету нің Мемлекеттік мүлік
және жекешелендіру
комитеті

Бағалы қағаз. Бағалы қағаздар рыногын Қазақстан Республика. 200 000
дармен опера. дамытуды қолдау сының Бағалы қағаздар
циялардың ұзақ жөніндегі ұлттық
мерзімді жүйесі комиссиясы

Жобаларды іске Жобаны іске асыруды қол. Қазақстан Республика. 597 000
асыру саласын. дау сының Қаржы министрлігі
дағы көмек

Зейнетақы реф. Зейнетақы реформасын да. Қазақстан Республикасы. 12 700 000
ормасын техни. мытуға және іске асыруға ның Еңбек және халықты
калық қолдау көмектесу әлеуметтік қорғау
министрлігі

Салық қызметін Салықтық әкімшіліктен. Қазақстан Республикасы. 17 300 000
жетілдіру діруді жетілдіруге көмек. ның Мемлекеттік кіріс
тесу министрлігі

Жобаны дайын.
дауға арналған
аванстарды өтеу

Коммерциялық Қаржылық секторды дамы. Қазақстан Республикасы. 22753 000
банктердің туға қолдау көрсету ның Ұлттық Банкі
жүйесін дамыту,
жергілікті жер.
лерде банктік
қадағалау инсти.
туттарын құру,
ұзақ мерзімді
төлем жүйесі,
жобаларды іске
асыруға көмек.

тесу

Резервтік қор	2 000 000
---------------	-----------

Заем бойынша	62 000 000
--------------	------------

Жиыны:

Оқығандар:

Қобдалиева Н.М.

Орынбекова Д.К.